



Download from
Dreamstime.com

This watermark comp image is for previewing purposes only.

ID 92443118

© Kotist | Dreamstime.com

Науру мемлекеті

Науру Республикасы – Тынық мұхитының батыс бөлігіндегі бір аттас маржан аралында орналасқан ергежайлі мемлекет. Аумағы – 21,3 км²; халқы – 10 261 адам (2015^Д). Тәуелсіздігі 1968 жылы жарияланды.

Науру аралы экватордан оңтүстікке қарай 42 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын арап Банаба шығысқа қарай 288 км қашақтықта орналасқан және Кирибати республикасына жатады. Науру Жердегі ең кішкентай тәуелсіз республика болып табылады, ең кішкентай аралдық мемлекет, Еуропа шегінен тысқары ең кішкентай мемлекет және ресми астанасы жоқ әлемдегі жалғыз республика (елдің бейресми астанасы – Ярен қаласы, елдің парламенті және әуежайы орналасқан).

Мемлекет Ұлттар достастығына кіреді. 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Науру Республикасы БҮҰ құрамына кірді. Науру – Тынық мұхит қауымдастырының хатшылығы және Тынық мұхит аралдарының форумы үйымдарының мүшесі.



*Тарихы

Шамамен 3 мың жыл бұрын

Науруды [микронезиялықтар](#) және [полинезиялықтар](#) мекендген. Нұсқалардың бірі бойынша, Науру аралына алғашқы болып [Бисмарк топаралынан](#) қоныс аударушылар және [меланезиялықтардың](#), микронезиялықтардың және полинезиялықтардың ыдырауына дейін [праокеания халқының](#) өкілдері келген.^[3] Дәстүрлі түрде арал тұрғындары өз шығу тегін шеше жағынан санаған. Еуропалықтардың келуіне дейін Науру аралының халқы 12 тайпадан тұрған. Еуропалықтар арасынан алғашқы болып Жаңа Зеландиядан Қытайға қарай бағыт ұстаған ағылшын капитаны [Джон Фирн](#) 1798 жылдың 8 қарашасында ашқан және аралға 90 жыл бойы жиі қолданылған «Жағымды» ([ағылш.](#) *Pleasant Island*) деген атау берді.^{[4][5]} Негізгі ауыл шаруашылық дақылдар ретінде [кокос пальмасы](#) және [панданус](#) өсірілген.

Наурулықтар [рифте каноэмен](#) және арнайы оқытыған құстармен ([улкен фрегаттар](#)) балық аулаған. Сонымен қатар олар өзіне қосымша тамақтану көзі ретінде [Буада](#) көлінде [ханос балығын](#) (лат. *Chanos chanos*) [көндіктіре](#) алды. Балық аулаумен тек қана ерлер айналысқан.

Астында көрсетілген хронологияға тек қана еуропалықтардың Науру аралын ашқаннан кейін тарихи оқиғалар енгізілген.

Діни құрамы

Бұғынгі таңда Науруда негізінде [христиандықтар](#) тұрады. Наурулықтардың көбісі (60,5 % – 6098 адам) [протестанттық шіркеулердің](#) өкілдері болып табылады, соның ішінде 35,2 % (3552 адам) – [Науру конгрегационалисттік шіркеуінің](#) өкілдері. Бұл шіркеудің Мененг, Буада, Анабар және Нибок округтерінде өзінің кішкентай шіркеулері орналасқан, ал басты шіркеуі Айво округінде. [Кудай Ассамблеясынан](#) сенушілер – 12,8 % (1291 адам), Наурудың тәуелсіз шіркеуінен – 9,4 % (945 адам). Елде [адвентисттер](#), [баптисттер](#) және [Иегова күәгерлерінің](#) шағын топтары бар.^[1]

Науру тұрғындарының шамамен 32,5 % (3278 чел.) [католиктік шіркеудің](#) өкілдері болып табылады,^[1] оның Ярен округінде өз шағын шіркеуі, сонымен қатар Ева округінде мектебі (Кайзер колledge) бар. Тұрғындардың шамамен 5 % [буддизм](#) және [даосизм](#) діндеріне мойынсұнады, 2 % – [баһаи](#). Наурундақтардың шағын тобы [дэстурлі сенімдерді](#) ([Эиджебонг](#) (Eijebong) әйел құдайна және [Буитани](#) (Buitani) аралдың рухына табыну) ұстанады.

Үкімет кейбір [конфессиялардың](#) қызметін шектейді, мысалы, [Иса Мәсіхтің заманауи шіркеуі](#) (мормондар) және [Иегова күәгерлері](#) (қолдаушылар негізінде Науру фосфат корпорациясында жұмыс істейтін шет елдердің азаматтары).^[15] 1979 жылы Науруға [Маршалл аралдарынан](#) келген [Иегова күәгерлерінің миссионері елге қайта жіберілді](#).

[1995 жылы](#) шектеулердің бөлігі алынып тасталды.

